

8D10141 "Медицина" білім беру бағдарламасы бойынша

PhD докторы дәрежесін алуға ұсынылған "Бір ұрықты жүктілікте өздігінен болатын мерзімінен бұрын босануларды болжау және олардың алдын алу" тақырыбындағы докторант Қабыл Бақытхан Қабылқызының диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: <u>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</u> 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертация тақырыбы (бекітілген күні 22.01.2026ж) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау саласындағы ғылымды дамытудың басым бағыттарына және ана мен бала денсаулығын жақсарту жөніндегі мемлекеттік басымдықтарға толық сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері ғылымның даму бағыттарына негізделген: атап айтқанда, өздігінен мерзімінен бұрын босануды ерте болжау мен алдын алу арқылы перинаталдық нәтижелерді жақсартуға бағытталған, сондықтан мемлекеттік бағдарламалардың практикалық міндеттерімен үйлеседі. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы (БНҚ) аясында жүзеге асырылып жатқан ғылыми-техникалық жоба шеңберінде орындалған. Оған дәлел: ЖИН BR25293307 «Перинаталдық нәтижелерді жақсарту бойынша ғылыми негізделген бағдарламаны әзірлеу» ғылыми-техникалық жобасы (іске асыру мерзімі: 2024–2026 жж.) конкурстық іріктеу нәтижесінде мақұлданып (бекітіліп), жобаны іске асыру туралы бұйрық № 07-ЖҚ, 05.01.2025 ж. шығарылған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Зерттеу перинаталдық медицинаның дамуына елеулі үлес қосады, бірұрықты жүктілік кезіндегі өздігінен мерзімінен бұрын босануды болжаудағы олқылықтарды толықтырады және клиникалық тәжірибеде қолдануға арнайы алгоритм

			ұсынады. Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық құндылығы жеткілікті деңгейде ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Өзі жазу деңгейі- <u>жоғары</u> . Диссертация автордың дербес орындаған зерттеуінің нәтижелері негізінде өз бетінше жазылған. Клиникалық деректерді жинау, жүйелеу және статистикалық талдау автордың тікелей қатысуымен жүргізіліп, қорытындылар алынған нәтижелерге сүйене отырып қалыптастырылған. Жұмыста пайдаланылған әдебиеттер толық көрсетіліп, барлық дереккөздерге тиісті сілтемелер берілген, мәтіннің түпнұсқалығы қойылатын талаптарына сәйкес қамтамасыз етілген. Ізденушінің талабы орындалған жұмыстың толықтығымен, сапалы және кәсіби деңгейімен расталады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды. 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеудің өзектілігі жан-жақты әрі дәлелді түрде ашылған. Автор өздігінен мерзімінен бұрын босанудың жиілігін, оның перинаталдық аурушандық пен өлімшілдікке қосатын елеулі үлесін талдап, қолданыстағы болжау әдістерінің тиімділігі шектеулі екенін көрсетеді. Осыған байланысты цервикометрия мен эластографияны интеграциялау арқылы диагностиканы жетілдіру қажеттілігі айқындалып, бұл ӨМББ қаупін ерте анықтау мүмкіндіктерін арттырады. Диссертацияның барлық бөлімдері тақырыбына толық сәйкес келеді, логикалық тұрғыдан дұрыс құрылған және қойылған мәселені, соның ішінде ӨМББ-ды диагностикалау, болжау және алдын алу аспектілерін жан-жақты ашады. Сәйкессіздіктер анықталған жоқ. Зерттеудің мақсаты нақты тұжырымдалған және диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді: қауіп факторлары мен жатыр мойны эластографиясының көрсеткіштерін кешенді бағалау негізінде өздігінен мерзімінен бұрын босануды болжау моделін әзірлеу және ғылыми негіздеу. Қойылған міндеттер нақтыланған және зерттеудің мақсатынан логикалық түрде туындайды, яғни

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі		зерттеудің негізгі аспектілерін бірізді шешуге бағытталған. Міндеттер жұмыстың тақырыбы және оның ғылыми тұжырымдамасымен толық үйлеседі.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: <u>1) толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның құрылымы ішкі логикалық тұтастығымен ерекшеленеді: тараулардағы материалдар өзара байланысып, толыққанды ғылыми зерттеуді құрайды. Теориялық бөлім әдістерді таңдауға негізді түрде жетелейді, алынған нәтижелер олардың талқылауына тәжірибе түрінде ұласады, ал қорытындылар қойылған міндеттердің орындалғанын тікелей растайды. Құрылымдық сәйкессіздіктер немесе баяндау логикасының бұзылуы анықталған жоқ.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <u>1) сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор мәселенің қазіргі жағдайына жан-жақты сыни талдау жүргізіп, өздігінен мерзімінен бұрын босануды диагностикалаудың қолданыстағы әдістерінің шектеулі екендігін көрсетті. Анықталған олқылықтар қолданыстағы тәсілдерді жетілдіру қажеттілігін логикалық тұрғыдан дәлелдеп, біріктірілген болжамдық модель әзірлеудің өзектілігін айқындады және авторлық зерттеудің негізгі бағытын анықтады.
		5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Алынған ғылыми нәтижелер толық ғылыми жаңалыққа ие. Отандық тәжірибеде алғаш рет өздігінен мерзімінен бұрын босанудың негізгі қауіп факторларын ажыратып, цервикометрияны және жатыр мойны эластографиясын кешенді қолдану арқылы дер кезінде жүктіліктегі асқынулардың алдын алу шаралары енгізілу арқылы жүктілік мерзімі ұзартылған. Зерттеу барысында жаңа шекті мәндер (жатыр мойны ұзындығы ≤ 30 мм, $ECI \geq 5,58$) анықталып, ең ақпаратты ультрадыбыстық маркерлер белгіленді. Электронды калькулятор түрінде іске асырылған түпнұсқа сандық болжау моделі әзірленген. Жатыр мойны жеткіліксіздігі бар жүкті

			әйелдерді жүргізудің жаңа тәсілдері профилактиканың тиімділігін арттырды.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Қорытындылардың бір бөлігі әлемдік әдебиет деректерімен сәйкес келеді, атап айтқанда цервикометрия мәліметтері. Алайда болжау моделі ретінде цервикометрия мен эластографияны біріктіру тәсілі, оған қатысты алынған шекті мәндер және профилактика стратегиясына қатысты негізгі қорытындылар жаңа болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Автор ұсынған техникалық және технологиялық шешімдер толықтай жаңа болып табылады және отандық тәжірибеде баламасы жоқ. Алғаш рет трансвагиналды цервикометрия мен жатыр мойнының эластографиясын (E-Cervix) біріктіріп қолдануға негізделген өздігінен мерзімінен бұрын босануды болжау жүйесі әзірленді, бұл қауіп-қатерді ерте анықтауға және профилактикалық тактиканы таңдауға арналған бірегей алгоритм құруға мүмкіндік берді. Техникалық шешімнің жаңалығы «Трансвагиналды цервикометрия мен жатыр мойны эластографиясының (E-Cervix) біріктірілген әдісін қолдану арқылы өздігінен мерзімінен бұрын босануды болжау жүйесі» атты пайдалы модельге берілген өтініммен расталады (авторлар: Исенова С.Ш., Қабыл Б.Б.), өтінім № 2025/6070.2, 11.11.2025 ж.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде: <u>негізделген/негізделмеген (qualitative research) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</u>	Диссертацияның қорытындылары негізделген және маңызды ғылыми деректермен расталған. Автор ірі популяциялық таңдаманың ретроспективті талдауын (n=53 088), көпфакторлы регрессиялық талдауды (n=1500) және проспективті клиникалық зерттеуді (n=250) қолданған, бұл алынған нәтижелердің жоғары сенімділігін қамтамасыз етті. Қауіп факторларының статистикалық маңыздылығы, цервикометрия мен эластографияның шекті мәндерін анықтау, диагностикалық модельдердің

			жоғары болжамдық дәлдігі және жекелендірілген профилактиканың тиімділігі клиникалық бақылаулармен және ROC-талдаумен дәлелденген. Әзірленген көпфакторлы болжау моделі жоғары диагностикалық көрсеткіштерді ($AUC=0,89$) көрсетті, бұл қорытындылардың негізділігін қосымша растайды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? <u>1) дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; <u>2) жоқ;</u> 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? <u>1) ия;</u> 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; <u>3) кең</u> 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? <u>1) ия;</u>	1-ереже. ӨМББ-ның ең маңызды қауіп факторлары (көпфакторлы регрессия жасау арқылы анықтаған). 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) Дәлелденді. Қауіп факторларының әсері көпфакторлы логистикалық регрессиялық талдау арқылы статистикалық тұрғыда негізделген (Odds ratio көрсеткіштері берілген, $p < 0,001$). 7.2 Тривиалды ма? 2) Жоқ. Бұл тұжырым тек жалпы клиникалық пікірге ғана емес, нақты сандық бағалауда (OR) және көпфакторлы модель нәтижесіне де сүйенеді. 7.3 Жаңа ма? 1) Иә. Жаңалығы зерттелген популяцияда қауіп факторларының тәуелсіз әсерін (adjusted OR) көпфакторлы талдау арқылы сандық түрде айқындап, басым қауіп факторларын ранжирлеуінде. 7.4 Қолдану деңгейі 3) Кең. Әйелдер консультациясы, стационар және перинаталдық орталық деңгейінде қауіп тобы жоғары жүкті әйелдерді ерте анықтауға қолдануға болады. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә. Нәтижелер жарияланымдарда шығарылған және енгізу

		2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	құжаттарымен расталған(патент, акт внедрения, авторлық куәліктер)
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	Зерттеу әдіснамасы толық әрі егжей-тегжейлі сипатталған және жоғары құрылымдылығымен ерекшеленеді. Жұмыс когорттық бақылаулық зерттеу форматында орындалған: ретроспективті талдау DamuMed медициналық ақпараттық жүйесінің деректерін бойынша 2019-2022жж аралығына жүргізілген. Ал проспективті когорттық зерттеуге 2023-2025жж арадығында жоғары технологиялық жабдықталған трансвагиналды цервикометрия және жатыр мойнының эластографиясы жасалған. Таңдалған әдістер зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи ғылыми-зерттеу әдістерін қолдану арқылы алынған. Зерттеу Samsung WS80A аспаптық құрылғысында арнайы электрондық бағдарламаны орнату арқылы трансвагиналды цервикометрия мен эластографиядағы объективті көрсеткіштерді алуға мүмкіндік берді. Деректерді статистикалық өңдеу логистикалық регрессиялық модельдер, ROC-талдау және IBM SPSS 27.0 мен Stata 17.0 мамандандырылған бағдарламалық пакеттерін пайдалану арқылы жүзеге асырылды. Өзірленген болжамдық модель технологиялық дайындық деңгейі жоғары болып табылады және клиникалық шешім қабылдауды жеңілдетері сөзсіз.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған	Диссертацияның теориялық қорытындылары клиникалық нәтижелермен және статистикалық есептеулермен толық расталған. Қорытындылардың сенімділігі популяциялық деректердің ірі көлемдегі ретроспективті талдауымен, көпфакторлы регрессиялық модельдеумен және

9		(педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	ұсынылған біріктірілген тәсілдің (цервикометрия + эластография) жоғары болжамдық дәлдігін көрсеткен проспективті клиникалық зерттеумен қамтамасыз етілген. Ұсынылған әдістемелік ұсынымдар алынған дәлелді деректерге сүйенеді және нәтижелердің клиникалық маңыздылығын растайды.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Автордың тұжырымдары халықаралық және ұлттық ғылыми әдебиеттерге берілген өзекті сілтемелермен негізделген, бұл олардың дәлелділігін және заманауи клиникалық ұсынымдарға сәйкестігін растайды. Дереккөздермен жұмыс сапалы әрі жеткілікті деңгейде жүргізілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Әдеби шолу зерттеулердің кең ауқымын қамтиды, оның ішінде ISUOG, FIGO, ACOG және NICE ұсынымдары ескерілген.
	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Жұмыстың теориялық маңызы жоғары, өйткені ол өздігінен мерзімінен бұрын босанудың биомеханизмдері туралы ғылыми түсініктерді кеңейтеді және қауіп-қатерді ерте стратификациялауда жатыр мойнының цервикометриясы мен эластографиясының диагностикалық рөлін негіздейді. Алғаш рет ультрадыбыстық параметрлердің жергілікті шекті мәндері анықталып, ӨМББ-дың ең ақпаратты ізашарлары айқындалды, бұл отандық перинаталдық медицинаның дамуына елеулі үлес қосады. Зерттеудің теориялық құндылығы көпфакторлы болжамдық модельді әзірлеу және әдістемелік ұсынымдарды қалыптастыру арқылы расталған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Алынған нәтижелер жоғары практикалық маңызға ие және акушерлік-гинекологиялық қызметтің клиникалық тәжірибесіне тікелей енгізілуі мүмкін. Цервикометрия мен эластографияны біріктіріп қолдану кезінде қауіп факторлары мен жергілікті шекті мәндерді анықтау

			жүктіліктің 13–27 апталары аралығында өздігінен мерзімінен бұрын босану қаупі бар әйелдерді ерте анықтауға мүмкіндік береді. Әзірленген болжамдық модель және қауіп-қатердің электронды калькуляторы дәрігелерге мерзімінен бұрын босану ықтималдығын жылдам әрі объективті бағалап, жүргізудің оңтайлы тактикасын таңдауға жағдай жасап, жекелендірілген профилактиканың тиімділігін арттырады. Практикалық маңыздылығы ұсынылған енгізу актілерімен расталған.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ұсынылған жаңа болжау моделі Қазақстан клиникаларының жағдайына бейімделген жаңа болжамдық шекті мәндер мен тәсілдерді қамтиды.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Ғылыми стиль сақталған, баяндау логикалық әрі бірізді; рәсімделуі сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес келеді. Ұсақ техникалық түзетулер болуы мүмкін, алайда олар маңызды емес.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертациялық жұмысты рецензиялау барысында келесі ескерту анықталды: жарияланымдар тізімінде Scopus журналдарының процентилендері көрсетілмеген. Тексеру барысында аталған кемшілік түзетілді. Бұл ескерту ғылыми жұмыстың жалпы жоғары бағасына әсер етпейді.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың	Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша жарияланымдар жоғары сапасымен және халықаралық стандарттарға сәйкестігімен ерекшеленеді, бұл олардың халықаралық деректер базаларында индекстелетін рецензияланатын журналдарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жариялануымен расталады. Заманауи әдіснамалық тәсілдерге негізделген мақалалар халықаралық журналдардың талаптарына сәйкес келеді, бұл жүргізілген зерттеудің өзектілігін және қойылған мәселелерді талдаудағы кешенді көзқарасты айқындайды. Докторанттың мақалалары жоғары ғылыми деңгейімен сипатталады және перинаталдық медицинаның дамуына, әсіресе бірұрықты жүктілік кезіндегі өздігінен мерзімінен бұрын босануды болжау және алдын алуда елеулі үлес қосады. Жарияланымдарда цервикометрия мен	

	зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	эластографияның диагностикалық мүмкіндіктері бірізді түрде ашылып, автор әзірлеген болжамдық модель ұсынылған және профилактикалық іс-шараларға қатысты тәсілдер ғылыми тұрғыдан негізделген. Алынған нәтижелер түсінікті әрі нақты баяндалып, кестелермен, графиктермен және статистикалық модельдермен толықтырылған, бұл олардың дәлелділік құндылығын арттырады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі	Докторант Қабыл Бақытхан Қабылқызының «Бір ұрықты жүктілікте өздігінен болатын мерзімінен бұрын босануларды болжау және олардың алдын алу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына толық сәйкес келеді. Зерттеліп отырған мәселенің өзектілігін, зерттеу жұмысының жоғары деңгейде орындалуын, ғылыми жаңалығын, практикалық маңыздылығын және алынған нәтижелерін ескере отырып, Қабыл Бақытхан Қабылқызына 8D10141 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы Комитет алдында ұсыныс жасаймын.

Ресми рецензент: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің
Акушерлік және гинекология кафедрасының меңгерушісі,
медицина ғылымдарының докторы, профессор _____ Курманова А.М.



Профессор, м.ғ.д. Курманова Алмагүл Медеубаевна
_____/_____
қолын растаймын
М.П.

